

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 24

Жезқазған қ
21.11.2023

сағат 15.00

Облыстық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысын ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж. ашып жүргізді.**

Отырысқа төмендегі қоғамдық кеңес мүшелері: **Х.Шәмші, А.Абжаппаров, А.Токишова, Ахмет А, Т.Алданиязов, М.Бейсенбаев Қайыпбеков А, Тусупбеков Д,** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Тұрлыбек А.; Мырзабекова М, Бекмағанбетов М, Маткенов М, Ізтөлеуов Д, Мукеева А, Тулегенов Д, Такибаев А; Сейдахметов М, Рахметов А; М.Атамурат, Шамбулов М, Оспанов С, Битенов Н,

Белгісіз себеппен қатыспағандар: Хамит М, Бакиров Б, Дүйсенов Б.

Сонымен қатар отырысқа : экономика басқармасынан Мухамбетжан Р, Әли А, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен спорт және дене шынықтыру басқармасы басшысы - Д.Мұтәліпов, мәдениет , тілдерді дамыту және архив істерінің өкілі - Иманқажы Е, қатысуда.

Бегенов Б.Ж: Сәлеметсіздер ма құрметті әріптестер, жиынға қатысушылар.

Бүгінгі кезектен тыс отырысымызды бастаймыз. Отырысқа бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысуда. Күн тәртібінде– ол 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджетті қарастыру . Бәріңіздің қолдарыңызда бюджет құжаттары бар, хатшы чатқа да жіберді. Сондықтан сұрақ жауақ көшейік.

Мұтәліпов Д – біздің салаға барлығы **2 миллиард 889 330 тг** бөлінген.

Бұқаралық спорттарды дамытуға 100 млн тенге қаражат сұратқам, бергені **10 млн**, спортсмендерді әр түрлі деңгейдегі спорттық іс- шараларға баруға **500 млн** теңге сұраттым. Бергені **180 млн** ғана. Бұл тым аз ақша.

Одан бөлек спорттық мектептердің жөндеу жұмыстарына көп қаражат керек.

Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде әр түрлі спорттық іс-шараларды өткізу мақсатында **103 млн теңге** жоспарлағам. Бұл қаражат берілмеді.

Бегенов Б.Ж- спортты дамытуға, басқа да айтылып кеткен іс-шараларға міндетті түрде қаражат берілуі тиіс. Одан бөлек **Қарсақпай** кентінде спорткешенінде арнайы құрал -жабдықтар жетіспейді. Мысалға, шам сөнгенде нысанда өзінің «движок» болған абзал.

Алданиязов Т: Штатта мамандар жеткілікті ма?

Мұтәліпов Д -мамандар тапшы.

Бегенов Б.Ж – Байдарка мен каноэға байланысты не айтасыз? Бұл спорт түрі бізде жақсы дамыған . Көрсеткіштер де жаман емес. Дәл кәзір спортсмендер Ташкент қаласында жаттығуда. 350 бала бар.

Абжаппаров А- садақ ату спортын дамыту керек. Соның ішінде арбаға танылған адамдарға үлкен мән берсе.

Мұтәліпов Д- Облысымызда халықтық спорт түрлерін дамыту жөнінде, келесі жылға арнайы бағдарлама жасап жатырмыз.

Ахмет А -Кеңгірде спорт кешенін салады деп айтып келе жатыр. Бірақ қозғалыс жоқ.

Мұтәліпов Д- Бұл Жезқазған қаласының құзырында, құжаттар дайын емес. Салынбайды .

Бегенов Б.Ж – жақсы Дидар мырза. Біз өз ұсынымызды міндетті түрде жазамыз. Сау болыңыз. Келесі кезекте мәдениет басқармасын тыңдайық.

Иманғажы Е – басқарма 2 млн тенге сұратып жатыр. Бұл қаражат жеткіліксіз.

Абжаппаров А -арт-спортқа байланысты әр Мердігерді тексеру керек.

Бегенов Б.Ж -келісем. Осы арт -спортқа жұмсалатын қаражаттарды қысқартқан жөн. Субсидияларға байланысты толық жазу керек /расшифровка/.

Абжаппаров А- Осы әртістерге төлем ақыны, гонорарларды қалай төлейсіздер?

Неге басқа жақтан әншілерді шақырасыздар? Мен нақты өзімізден шыққан адамдарды айтып жатырмын. Біз оларды марапаттап жатырмыз, құрметтейміз, ал олар концерттерге ақша сұрайды.

Бегенов Б – 56 млн тг мәдени нысандарды жөндеуге өте аз ақша қарастырылған. Одан бөлек 008 субсидияға байланысты толық расшифровка беріңіз.

Мұхамбетжан Р – Бұл қаражат ПСД-ға байланысты құралған. Бергендері осы.


Абжаппаров А – кітапханаларда мүмкіндігі шектеулі жандарға еш жағдай жасалмаған. Арнайы кітаптар,құралдар алмайсыздар?

Қайыпбеков А – Сіздер өте көп іс-сапарға ақша қарастырып жатырсыздар? Осы жағы күмән тудырады.

Бегенов Б – Жақсы . Иманғажы мырза, сіздер ескертпелерді 30 қарашаға дейін жазып беріңіздер. Күтеміз.


Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері, экономика басқармасының өкілдері! Бізде келесі ұсыныс - спорт және дене шынықтыру басқармасының бюджет жоспарларына қаражат толыққанды қарастырылып, сұраған ақша жоспарға енсін.

Ұлытау облысының
қоғамдық кеңесінің төрағасы



Б. Ж. Бегенов

Ұлытау облысының
Қоғамдық кеңесінің хатшысы:



С.Оңғарбаева